

**Қазақстан Республикасының Астана қаласында 2026 жылғы 05
маусымда өткен «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін
қамтамасыз етудегі рөлі» форумының қорытындылары бойынша
және 2026 жылғы 4-5 маусымдағы Әкімшілік құқық жөніндегі
Еуразиялық конгрестің бірінші отырысының
қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

2026 жылғы 5 маусымда өткен «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі» форумының қорытындылары бойынша мынадай ұсынымдар әзірленді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына:

1. Орталық және жергілікті деңгейлерде әкімшілік актілер мен рәсімдердің біркелкі қағидатын іске асыруды қамтамасыз ету

Форум барысында Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев орталық және жергілікті деңгейлерде әкімшілік актілер мен рәсімдердің біркелкілігін қамтамасыз ету міндетін қойды. *«Бұрын келіп түскен шағымдар мен өтініштерде қаралған мәселелер қайтадан соттағы дау-дамай нысанасы болмауға тиіс. Әкімшілік практиканың жүйелілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету керек».* Осыған байланысты:

1.1. мемлекеттік органдардың тиісті жұмысын, оның ішінде мемлекеттік органдардың КРІ-ларын өзгерту арқылы қамтамасыз ету (әкімшілік актілердің сапасын, шағымдар, даулар және күші жойылған әкімшілік актілер санының азаюын және т.б. бағалау);

1.2. мәнің нысаннан басымдығы қағидаты практикасын ұстану, сол арқылы бизнеске бұзушылықтарды түзету үшін мүмкіндік беру, егер тек нысан ғана бұзылып, мәні бұзылмаса, жазаламау *(мәні бойынша дұрыс әкімшілік акт тек формальды негіздер бойынша заңсыз деп танылмауға тиіс);*

1.3. мемлекеттік органдардың заң қызметтері әкімшілік актілердің сапасын жүйелі түрде тексеріп, сотқа дейін сүзгіден өткізуі, орган ұстанымының әлсіздігі айқын болса - соңғы сатыға дейін шағым жасамай, катені мойындауы;

1.4. ӘРПК-нің 15-1-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 111 қаулысымен қабылданған Әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру қағидаларын қатаң түрде сақтау мақсатқа сай келеді;

1.5. әкімшілік органдар (лауазымды адамдар) өз қызметінде әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру, әкімшілік актілерді қабылдау кезінде әртүрлі түсіндіруге және таңдау тәсіліне жол бермей, заңды біркелкі түсіндіруді және қолдануды қамтамасыз етуге міндетті;

1.6. жобалар бойынша проблемалық мәселелерді қадағалап, оларға жедел ден қою үшін инвесторлардың өтініштері мен дауларына цифрлық мониторинг құру мүмкіндігін қарастыру;

1.7. ұқсас мәселелердің шағымдар мен сот дауларының қайталану нысанасына айналмауы үшін уәкілетті органның тиісті сот актілерінің негізінде орталық және жергілікті деңгейлерде әкімшілік рәсімдерді біркелкі қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлеуі және әкімшілік актілерді сапалы дайындау, мерзімдерді сақтау, шешімдердің уәжділігі және дәлелдемелерді тиісінше жинау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуі мақсатқа сай келеді.

2. Жария-құқықтық сипаттағы дауларды әкімшілік әділет аясына көшіру жөніндегі жұмысты жандандыру

Өткен форумдағы сөзінде Мемлекет басшысы жария-құқықтық сипаттағы дауларды әкімшілік әділет аясына көшіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа назар аударды. Осыған байланысты:

2.1. Мемлекет басшысының жолдауларын және қолайлы инвестициялық ахуал жасау жөніндегі шараларды ескере отырып, әкімшілік құқық бұзушылықтардың және азаматтық-құқықтық даулардың кең ауқымын ӘРПК-ге беру арқылы әкімшілік әділет саласын кеңейту жөніндегі іс-шаралар көзделген Президент Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 94-тармағын іске асыру бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 18-тармағын ескеріп, жұмысты жалғастыру қажет;

2.2. әкімшілік әділетті кеңейту, сондай-ақ жария-құқықтық даулардың қалған түрлерін қарауды жалпы юрисдикция соттарының ведомстволық бағыныстылығынан алып тастап, кейіннен оларды мамандандырылған әкімшілік соттардың ведомстволық бағыныстылығына беру мәселесі тиісті процестік заңдарды түзетумен қатар жүруге тиіс;

2.3. ӘРПК-де «әкімшілік шарт» ұғымын және оның тетігін пысықтау ұсынылады, бұл кейіннен инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты дауларды шешу үшін бірыңғай сот ісін жүргізуді айқындауға көмектесе алады (осыған ұқсас тәжірибе ЭЫДҰ-ның көптеген елдерінде бар).

3. Инвесторлармен дауларды сотқа дейін және сотта өзара тиімді реттеу тетіктерін күшейту

Форумдағы сөзінде Мемлекет басшысы «биліктегі лауазымды тұлғалар әр даулы жағдайда мәмілеге келетін жолды іздеуі керек, бірақ бұл жол құқық жүйесіне нұқсан келтірмеуі тиіс» деп тапсырма берді. Осыны ескере отырып:

3.1. мемлекеттік органдардың даулы шешімдеріне міндетті түрде құқықтық талдау жүргізуді және заң шеңберінде ымырыға келтіретін шешімдер іздеуді қоса алғанда, инвесторлармен дауларды сотқа дейінгі реттеу тетіктерін күшейту;

3.2. инвестициялық даулар бойынша медиативтік келісім жасасу мүмкіндігін заңнамамен бекіту ұсынылады; инвестор мұндай татуласуға келіскен жағдайларда лауазымды адамның оның салдарынан қорықпай, айқын қатені түзетуге құқығы болуға тиіс;

3.3. апелляциялық комиссиялардың функцияларын кеңейту, олардың құрамына тәуелсіз мүшелер – қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін енгізу, шағымдарды қарау рәсімдерін жеңілдету, бұл ретте инвестициялық даулар бойынша шағымдарды қарау шеңберінде мемлекеттік органдардың көрінеу анық бұзушылықтар бойынша әрекетсіздігін ескере отырып, олардың жауапкершілігін енгізу ұсынылады.

4. ӘРПК-ні қолдану саласының тұтастығын сақтауды қамтамасыз ету

ӘРПК-ні қабылдау мақсаты – азаматтардың жария-құқықтық даулардағы конституциялық құқықтарын қорғау. ӘРПК-нің заңдылық, әділеттілік сияқты және басқа да қағидаттары дауларды объективті шешуге ықпал етеді. Соттар ӘРПК бойынша жария-құқықтық дауларда тәжірибе мен білім жинақтады, бұл оларға мұндай істерді неғұрлым тиімді қарауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты соттардың, бизнестің және Парламент Мәжілісі депутаттар корпусының ӘРПК-нің тұтастығын сақтауға және әкімшілік юстиция институтын одан әрі нығайтуға бағытталған қағидаттық ұстанымын атап өту маңызды.

5. Инвестициялық мәселелер бойынша пакеттік әдісті дамыту мәселесін қарау

Мемлекеттік органдардың, сондай-ақ соттардың да инвестициялық мәселелер бойынша пакеттік әдісті дамыту мәселесін қарауына мүмкіндік бар деп санаймыз. Аталған әдіс мынадай бағыттарды қамтиды.

5.1. инвестициялық даудың мән-жайларын кешенді бағалау қажеттігін бекіту ұсынылады, бұл ретте сот дау айтылған нақты бас тартуды, хабарламаны немесе әкімшілік актіні ғана емес, инвестициялық жобаны іске

асыру мүмкіндігіне әсер еткен мемлекеттік органдардың әрекеттері мен әрекетсіздігінің барлық жиынтығын бағалайды;

5.2. уәкілетті орган инвесторға санкциялар қолданғанға дейін инвестордың міндеттемелерді орындауға нақты мүмкіндігін тексеру, оның ішінде міндеттемелерді орындау мемлекеттік органдардың уақтылы және тиісінше әрекеттеріне байланысты болған-болмағанын анықтау;

5.3. уәкілетті органдардың арасындағы келіспеушіліктің теріс салдарын инвестордың тартпауы үшін инвестициялық жобаларды «бір терезе» қағидаты бойынша сүйемелдеу кезінде ведомствоаралық үйлестіруді дамыту ұсынылады. Оның ішінде әрбір маңызды инвестициялық жоба бойынша бірыңғай мемлекеттік үйлестірушіні, жауапты жол картасын және қажетті шешімдерді уақтылы қабылдау үшін мемлекеттік органдардың жауапкершілігінің түсінікті жүйесін айқындау;

5.4. бір орган инвестициялық міндеттемелерді орындауды талап ететін, екіншісі жер учаскесін беруді созбалаңға салатын, үшіншісі өзге органдардың әрекеттеріне қатысты құжаттардың болмауынан рұқсат беруден бас тартатын жағдайларда өзара байланысты әкімшілік рәсімдерді оқшаулап қарау практикасын болдырмау;

5.5. соттар мен мемлекеттік органдар үшін инвестициялық дауларда пакеттік әдісті қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, оның ішінде инвестордың адалдығын, әкімшілік кедергілердің болуын, ведомствоаралық келіспеушілікті және мемлекеттің әрекеттері мен міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмауының арасындағы себеп-салдарлық байланысты бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;

5.6. егер инвестордың міндеттемелерді орындамауына мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі әсер етуі мүмкін болса, инвестициялық келісімшарттарды бұзғанға, тұрақсыздық айыбын есептегенге немесе жауапкершіліктің өзге де шараларын қолданғанға дейін даулы жағдайларға міндетті түрде алдын ала құқықтық талдау жүргізу тетігін енгізу ұсынылады;

5.7. бұзушылық инвестордың мінез-құлқына немесе мемлекет тарапынан әкімшілік кедергілерге байланысты болған-болмағанын анықтауға мүмкіндік беретін пакеттік әдісті инвестордың талаптарын автоматты қанағаттандыруға негіз ретінде емес, дауды объективті және жан-жақты бағалау құралы ретінде пайдалану қажет.

6. Инвесторлардың құқықтарын қорғау, әкімшілік рәсімдерді қолдану және инвестициялық даулардың алдын алу мәселелері бойынша тақырыптық семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізуді ұйымдастыру

6.1. инвестициялық дауларды қарауға байланысты мемлекеттік органдар судьялардың, мемлекеттік органдар өкілдерінің, прокуратура органдарының, жергілікті атқарушы органдардың, АХҚО институттарының, бизнес-қоғамдастықтың және инвесторлардың қатысуымен семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізуді қамтамасыз ету;

6.2. өз кезегінде Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігіне мемлекеттік органдардың қатысуымен әкімшілік және инвестициялық дауларды жыл сайын талдау практикасын, әсіресе шешімдер бизнес пен инвесторлардың пайдасына шығарылған істер бойынша бұзушылықтардың жүйелі себептерін анықтай отырып жалғастыру ұсынылады.

Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгреске қатысушы мемлекеттерге:

1. Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгрестің отырыстарын ротациялық негізде қатысушы елдердің қалауы бойынша, бірақ кемінде екі жылда бір рет өткізу;

2. әрбір мемлекеттің құқық дәстүрлеріне құрмет көрсете отырып, әкімшілік құқықты заң ғылымының қазіргі заманғы саласы ретінде дамыту;

3. жоғары оқу орындарында әкімшілік құқықты дербес ғылым және оқу бағыты ретінде дамыту, оның ішінде әкімшілік құқық және әкімшілік процесс бойынша оқу курстарын, ғылыми зерттеулерді, диссертациялық жұмыстарды және мамандандырылған бағдарламаларды дайындауды ынталандыру;

4. құқық қолданудың жүйелі проблемаларын анықтау және тек сот практикасын дамытуға ғана емес, сонымен қатар әкімшілік рәсімдерді, заңнаманы және жалпы басқару мәдениетін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірлеу мақсатында ұлттық мемлекеттердің министрліктерімен және өзге де атқарушы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды нығайту;

5. судьяларға, зерттеушілерге, мемлекеттік органдар мен практик-заңгерлерге арналған бірыңғай ақпараттық база құру мақсатында Конгресс кітапханасын қатысушы мемлекеттердің ұлттық әкімшілік құқығының өзекті дереккөздерін, сот практикасын, талдамалық шолуларды, ғылыми жарияланымдарды, салыстырма-құқықтық зерттеулерді, негізгі актілер мен материалдардың аудармаларын қамтитын тұрақты түрде жаңартылатын ғылыми-практикалық ресурс ретінде дамыту;

6. Конгресс шеңберінде әртүрлі елдердегі әкімшілік сот ісін жүргізу модельдері, әкімшілік талап қою түрлері, дәлелдеу стандарттары, сот өкілеттіктері, сотқа дейінгі шағым жасау тетіктері және сот актілерін орындау ерекшеліктері туралы мәліметтерді жүйелеу;

7. судьялардың тұрақты кәсіби даярлығына және біліктілігін арттыруға, сондай-ақ әкімшілік құқық саласындағы заң білімін дамытуға назар аудару;

8. жеке және заңды тұлғалар үшін әкімшілік сот ісін жүргізудің қолжетімділігін арттыру, оның ішінде рәсімдерді оңайлатуды және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану үшін барлық күш-жігерді жұмсау;

9. үздік халықаралық практиканы ескере отырып, әкімшілік әділетті, құқық қолдану практикасын және сот рәсімдерін жетілдіру бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру;

10. құқық үстемдігін нығайту және әкімшілік әділетті ілгерілету мақсатында Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгреске қатысушы мемлекеттердің әкімшілік юрисдикциядағы соттарының арасында тәжірибемен, ақпаратпен және озық практикамен алмасуды қоса алғанда, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту;

11. Конгреске қатысушы елдер арасында әкімшілік құқық саласында маманданатын судьялар, оқытушылар, жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттар үшін тағылымдамалар, дәрістер, жазғы мектептер, семинарлар және зерттеу бағдарламаларын ұйымдастыруды ескере отырып, академиялық және кәсіби алмасу бағдарламаларын дамыту;

12. Конгрестің күн тәртібін қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескере отырып, тұрақты жаңартуды қамтамасыз ету ұсынылады.

Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгресте төрағалық етуші мемлекетке:

1. Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгрестің тұрақты Хатшылығын құру. Хатшылықтың міндеті - Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгреске қатысушылардан түсетін ұсыныстардың жүйелі есебін жүргізу, болашақ отырыстардың күн тәртібін құру, сот практикасының өзекті проблемаларын қорыту, талдау материалдарын дайындау және қатысушылардың арасында тұрақты коммуникацияны қолдау;

2. ұлттық заңдар, сот актілері, практикаға шолулар, ғылыми мақалалар, баяндамалар, аудармалар, әдістемелік материалдар және үздік халықаралық практика жинақталуы мүмкін Әкімшілік құқық жөніндегі Еуразиялық конгрестің кітапханасын құру және оны жүргізуді қамтамасыз ету;

3. Жаңа институционалдық алаңның ресми халықаралық порталы ретінде Әкімшілік құқық жөніндегі еуразиялық конгрестің сайтын әзірлеуді ұйымдастыру ұсынылады.